

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

«Биотехнология» кафедрасы

Құрманбаева Аружан Нұржанқызы

## **ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

5B070100 – «Биотехнология» мамандығы

Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсірудің өнеркәсіптік технологияларын зерттеу (вешенки)

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

«Биотехнология» кафедрасы



**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**  
Биотехнология кафедра меңгерушісі

PhD, профессор  
З.К. Түйебахова

«06» *Машыр* 2019ж.

### ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсірудің өнеркәсіптік технологияларын зерттеу(вешенки)

5B070100 – «Биотехнология» мамандығы бойынша

Орындаған

Құрманбаева А.Н.

Ғылыми жетекші  
б.ғ.д,ассоц.профессор  
Курбанова Г.В

*Гурбанова*  
«6» *Машыр* 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

«Биотехнология» кафедрасы

5В070100-Биотехнология



**БЕКІТЕМІН**

Биотехнология кафедрa меңгерушісі

PhD, профессор

З.К. Түйебахова

«06» *Мамыр* 2019 ж.

**Дипломдық жұмысты даярлауға**

**ТАПСЫРМА**

Білім алушы Құрманбаева Аружан Нұржанқызына берілді

Жұмыстың тақырыбы: «Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсірудің өнеркәсіптік технологияларын зерттеу(вешенки)»

Университет басшысының №1163-б «16» қазан 2018жылғы бұйрығымен бекітілген

Орындалған жұмысты өткізу мерзімі «26.04.2019»

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері Диплом алды өнеркәсіптік практикадан алынған материалдар

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

А) Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсіру технологиясымен толықтай танысу.

Ә) Технологиялық процестер мен әдістерді игеру.

Б) Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды дайын өнім түріне дейін игеру.

В) Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсіруге қолданылатын қондырғылар мен аппараттарды қарастыру.



Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 20 атау

Дипломдық жұмысты дайындау


**КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Әдебитке шолу	Қантар	
Зерттеу нәтижелері	Ақпан	

Аяқталған дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілерінің және норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Әдеби шолу Зерттеу объектісі және әдісі Зерттеу нәтижелері	Ғылыми жетекші б.ғ.д,ассоц. Профессор Курбанова Г.В.	06.05.2019	
Норма бақылаушы	Техника ғылымдарының магистрі, Сагимбаева А.М.	06.05.2019	

Ғылыми жетекшісі  Курбанова Г.В.  
(қолы)

Тапсырманы орындауға білім алушы  Құрманбаева А.Н.  
(қолы)

Күні « 6 » мамыр 2019 ж.

## АҢДАТПА

Жұмыс 37 беттен, 6 кестеден, 3 суреттен тұрады, 20 әдебиеттен тұрады.

Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсіру өндірістік технологияларын қарастырып, оның өзіндік тиімді жолдары мен әдістері бойынша зерттеу, қарастыру.

Жеуге жарамды саңырауқұлақтардың, оның ішінде аспа саңырауқұлағын (вешенка) өсірудің қолайлы факторлары мен тиімді шикізаттар негізінде барынша экономикалық өсіру анықталды.

Жеуге жарамды вешенка саңырауқұлағының өсіруге арналған негізгі екі технологиясы қарастырылды, қолмен және автоматтандырылған жағдайда. Заманауи ғылымның дамуы нәтижесінде автоматтандырылған технология микроорганизмдік зақымдалу мен маусымдық қана өнімділіктің алдын алды.

Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсіру биологиялық құндылықтары негізінде адам мен қоршаған ортаға қажеттіліктерді қамтамасыз етіп, онкологиялық ауруларға терапиялық ем мен тағамдық, пестицидтік өнім ретінде пайдалану үшін өнеркәсіптік сатыда өніріледі.

## АННОТАЦИЯ

Целью дипломной работы являлось исследование методов и способов, применяемых в производственных технологиях выращивания съедобных грибов (вешенки).

Исследованы две основные технологии для возделывания съедобных грибов, в ручном и автоматизированном состояниях. В результате проведенного исследования было выявлено, что при использовании эффективного сырья на основе благоприятных факторов выращивания грибов, достигается высокая урожайность, что является важным для экономики. Внедрение достижений современной науки – автоматизированных технологий, позволили предотвратить микробное повреждение грибов и получение только сезонной урожайности.

Выращивание съедобных грибов, имеющих высокую биологическую ценность в промышленных масштабах позволит обеспечить потребность человека качественной пищевой продукцией, лекарственными препаратами для лечения и профилактики онкологических заболеваний.

Работа состоит из 37 страниц, 6 таблиц, 3 рисунков, 20 источников использованной литературы.

## **ANNOTATION**

The work consists of 37 pages, 6 tables, 3 figures, 20 references.

The aim of the thesis was to study the methods and techniques used in the production technology of growing edible mushrooms ( oyster mushrooms )

Two main technologies for cultivation of edible mushrooms in manual and automated states are investigated. As a result study it was found that the use of effective raw materials based on favorable factors of growing mushrooms, achieved high yields, which is important for the economy. The introduction of the achievements of modern science, automation technology, has helped to prevent the microbial damage of mushrooms and only getting a seasonal yields.

The cultivation of edible mushrooms with high biological value on an industrial scale will ensure the human need for quality food products, medicines for the treatment and prevention of cancer.



## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Әдебиетке шолу	11
1.1	Жеуге жарамды саңырауқұлақтардың жалпы теориялық сипаттамасы	11
1.2	Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды адам қажеттіліктерінде қолдану аясы	17
1.3	Жеуге жарамды саңырауқұлақтардың типтік түріне байланысты өсіру технологиялары	23
2	Зерттеу объектісі және материалдар	27
2.1	Тәжірибелік жұмыстарын жүргізген мекемеге жалпы шолу	27
2.2	Зерттеу материалдары	27
3	Зерттеу нәтижелері	28
3.1	Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсірудің өнеркәсіптік технологияларын зерттеу	28
3.2	Саңырауқұлақтарды (вешенкалар) өсірудегі өнеркәсіптік технологияларға қажетті негізгі шикізаттар мен компоненттері	30
3.3	Саңырауқұлақтарды өсіру барысындағы технологиялық процесстер мен қойылатын талаптар	31
3.4	Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсірудегі өнеркәсіптік технологиядағы жіберілетін қателіктердің алдын алу	34
	Қорытынды	36
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	37



## КІРІСПЕ

Өзіктілігі: Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсіру ерте кезден бергі келе жатқан өзекті технологиялардың бірі болып келеді. Саңырауқұлақтардың биологиялық тұрғыдағы қажеттілігі адами факторға ғана емес сондай ақ қоршаған ортаға да қажетті. Саңырауқұлақтарды қолдану аясы заманауи уақытта ауыл шаруашылығымен ғана шектеліп жатқан жоқ. Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды тағам өнеркәсібінде, медициналық бағытта, ауыл шаруашылығындағы пестицид ретінде қолдануға, биотехнологиялық өңдеулер арқылы өнімдер алуда және де галлюциогенді әсерлерге кеңінен қолданылады. Кең ауқымды сұранысты қамтамасыз ету үшін саңырауқұлақтарды жасанды жолдармен өсіруді талап етеді. Оның негізгі себебінде құрамының минералды заттарға және де ферменттерге бай болып келуі. Мысалы:фосфор, калий,магний, натрий одан өзге дәрумендер (А, В, С, Д және РР топтарына). Одан өзге онкологиялық ауруларды емдеуде, жұқпалы ауруларға қарсы антибиотиктерді алуда және де Азия елдерінде халық емінде кеңінен қолданылады.

Мақсаты: Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсіру технологиясы барысында экономикалық жағынан тиімді өнімді өндіру. Және де өнімді өндірудегі кездесетін қателіктердің алдын алу мен шығындық көлемі аз деңгейде өндірісті жүргізу. Тек қана экономикалық құндылықтары бойынша қарастырып қоймай, әрі құрамдық жағынан да ескеру.

Міндеттері:

- Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсіру технологиясымен толықтай танысу;
- Технологиялық процестер мен әдістерді меңгеру;
- Дайын өнімге дейін игеру;
- Саңырауқұлақтарды өсіруге қолданылатын қондырғылар мен аппараттарды қарастыру.

Жеуге жарамды саңырауқұлақтар өсіру технологиялық әдісіне байланысты негізгі екі түрде өндіріледі. Оларға қолмен және автоматты түрде өсіру технологиясы. Кең тараған түріне арнай қаптарда өсіру. Оның өзіндік тиімді тұстары бар: ағымдық егіс пен аралық егіс барысында инфекциялық зияндардан барынша қорғалу арқылы жүреді десе де болады. Ал тиімсіз жағынан компостарға тығыздап енгізу қол еңбегі мен күшін талап ететіндігі. Жалпы алғанда арзан әрі қарапайым әдіс. Ал, автоматтандырылған түрінде Еуропалық жабдық «эко-брикеттер» арқылы жүргізіледі.

Саңырауқұлақтарды өсіру бұрыннан келе жатқан технологияның бірі деп есептеуге келетін өнімнің бірі. Оған себеп ретінде ашытқы өнімдері мен антибиотиктер өндірісі. Саңырауқұлақтарды өндіру негізгі түрлері ретінде вешенка мен шампиньон. Вешенканы өсіру технологиясы аса күрделі болып келеді. Себебі вешенка жарық пен ылғалдылықтың өзгеруіне аса сезімтал келеді. Одан өзге саңырауқұлақтарды өсіру өнімнің қасиеттерінен өзге де ерекшеліктер бар. Кез келген ауыл шаруашылықтық процестер ретіндегі өндіріс сыртқы факторлардың әсеріне жиі ұшырайды. Жеткіліксіз желдету немесе шамадан тыс

жарық шығынға әкелуі мүмкін. Жалпы өнімді өсіру процесі мұқияттылық пен анық әрі нақты әрекеттерді талап етеді.

Саңырауқұлақтарды өсіру орташа қауіптілік қызметіне жатады, яғни кәсіби аурулардың алдын алу үшін арнайы киім мен қорғану шараларын көздейді. Сол себепті де тыныс жолдарына зиян тимейтіндей жағдайда жұмыс жүргізу мен респираторлармен қамтамасыз етуді қадағалау керек.

Саңырауқұлақтарды өсіру үшін толыққанды өндіріске кейбір негізгі жабдықтарды қолдану қажет.

- Топырақты тегістеуге және де қопсытуға арналған құрал;
- Желдету жабдықтары;
- Газбен жабдықтау жүйелері;
- Автоматты түрде климатты бақылау жүйесі;
- Жарықтандыру құралдары;
- Суару жүйесі.

Бұл қондырғылар саңырауқұлақтар өсіру өндірісіндегі басты қондырғылар болып саналады.

Саңырауқұлақтардың әрбір түрлеріне байланысты өсіру технологиясы бірінғай болып келмейді. Әрқайсысы тек өзіне байланысты субстраттар мен компоненттерді, қолайлы факторларды, қажетті жағдайларды талап етеді. Сол талаптар бойына ғана өсіру технологиясы жүргізіледі.

## 1 Әдебиетке шолу

### 1.1 Жеуге жарамды саңырауқұлақтардың жалпы теориялық сипаттамасы

Саңырауқұлақ шаруашылығы – өнеркәсіптік ауқымда жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсірумен айналысатын ауыл шаруашылығының бағыты және де жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсірумен қатар, оларды индустриялық өндіріс әдістері туралы ғылым.

Саңырауқұлақ шаруашылығы топырақтағы көкөніс шаруашылығының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Өз ретінде саңырауқұлақ шаруашылығының басқарылуы мен қаржыландырылуын ұйымастыруда, жылыжайлар мен жылыжай комбинаттарында өндірістік саңырауқұлақтарды орналастыруда, арнайы кадрлық мамандарды даярлау мен ғылыми – техникалық ақпараттарды біріккен жағдайда басып шығару және де т.б. жұмыстарда өз ықпалын тигізеді. Бірақта саңырауқұлақтар өсіру өндірісі көкөніс өсімдіктерінен өзіндік принципі айырмашылықтары бар.

Экологиялық жағдаймен жеуге жарамды саңырауқұлақтарды қарастырса, онда басқарылатын микроклимат жағдайында жасанды жолмен дайындалған қоректік субстраттарда мамандандырылған немесе бейімдетілген үй – жайларында өсірілген жеуге жарамды саңырауқұлақтар дақылдары адам ықпалымен құрастырылған гетеротрофты организмдерді білдіреді [1].

Жасанды фитоценоздар классификациясына сүйене отырып, жеуге жарамды саңырауқұлақ дақылдарын жабық кеңістіктің агроэкожүйесі ретінде қарастырылады.

Агрофитоценозбен салыстырғанда агромикоценоздар бірнеше артықшылықтарға ие. Құрылымы мен компоненттері арасындағы әрекеттесуін зерттеу өнімдік үрдістің заңдылықтарын анықтау және өнімді қалыптастыру үшін маңызда кезең болып келеді.

Көкөніс шаруашылығындағы зерттеулердің биоэкологиялық бағытының қажеттілігі мен маңыздылығы соңғы жылдарда қатты өзгеріске түсті. Көкөніс өндірудің энергетикалық тиімділігін арттыру, экологиялық таза өнімдерді өндіру және агрожүйенің тепе–теңдігін бір мезгілде сақтау қиыншылықтарына да байланысты болып саналады. Қазіргі заманғы көкөніс шаруашылығының ғылыми дәрежеде, ғылыми – зерттеу институттарының көкөніс өндірістерінің қарқындатудың бейімдетілген стратегиясы болып табылады. Стратегия бойынша негізгі мақсат өндірісті барынша экологияландыру мен биологияландыруға, өсіп келе жатқан өсімдіктің бейімділігін арттыруға, берілген техногенді энергияны барынша азайтуға және де қоршаған ортаны ластаудан қорғау, өнім сапасын азайтуға неізделген. Стратегия агроэкожүйелерді оңтайландыру мен олардың жай–күйін мониторингілеуді және өнімділікті басқаруға негізделген болды [2].

Агробиоценоздарды өнім алу мақсатында тұрақты түрде жүруі үшін адам қадағалуынан ғана жүргізіледі. Оларды толықтай жасанды жолмен өндіріледі деуге де болмайды, өйткені табиғи компоненттер негізінде қалыптасады және өзін – өзі белгілі бір дәрежеде орнықтыру мен ұйымдастыруда сипаттайды.

Агробиоценоздар арасында тазартылған топырақтағы көкөніс шаруашылығына жататын жабық құрылыстардың жасанды өсімдіктер негізінде ерекше орынға ие болып отырады. Жылыжай агрофитоценоздарының ерекшелігі көкөніс дақылдарының өнімділігін қамтамасыз ететін, өнімнің түсуін жылдамдатылуын, тек маусымдық өнімділікті ғана емес, сондай-ақ реттелген жағдайда тоқтаусыз өнімділігінде болып табылады. Жылыжай көкөніс шаруашылығы жоғарғы энергия сыйымдылығымен және биоценодикалық өзін-өзі ұйымдастыру мен тұрақтылықтың деңгейімен сипатталады. Монокультура жағдайында бұл зиянды организмдердің санының күрт өсу үрдісіне байланысты, себебі табиғи зияндар энтомофагтардың, энтомопатогенді микроорганизмдердің және ауру қоздырушылардың антагонистердің пресстілігімен реттелмеушілігінде.

Тазартылған топырақтағы агрофитоценоздардың аталып кеткен ерекшеліктері жеуге жарамды саңырауқұлақтарды қарқынды өсіру тәсілі кезінде агромикоценоздарға да тән. Ал арасындағы принциптік айырмашылықтары мынада :

- Саңырауқұлақ организмдерінің морфологиялық құрылымы жоғары өсімдіктерден айырмашылығы, вегетативтік дененің гифті құрылымы және де жеке бөлінудің болмауы. Қоректік субстраттың белгілі бір массасында өсірілетін саңырауқұлақтардың барлық мицелиі мен жеміс денелерін бірыңғай үлкен организм ретінде қарастыруға келеді;

- Агромикоценоз компоненттерінің арасындағы заттар мен энергия алмасуындағы айырмашылығы ретінде, автотрофты компоненттің болмауы, өсу факторы ретінде жарықтың аса қажетті емес немесе тек жеміс жасау кезінде ғана қажеттілігі;

- Алмасу процесінің неғұрлым жоғары жылдамдығы мен ферментативтік реакциялардың белсенділігі, соның есебінен жеуге жарамды саңырауқұлақтар өсірудің салыстырмалы қысқа циклі және пайдалы орта бірлігінен өнімнің неғұрлым жоғары шығуы. Дақылдың бір айналымы 2,5–3 ай. Бұнда саңырауқұлақ егуден бастап егіннің алғашқы жиналуына дейінгі кезеңінің ұзақтылығы төрт аптадан аспайды, ал егін жинау кезеңінің ұзақтылығы төрттен алты аптаға дейін өзгереді. Өнімдердің бір айналымға шығуы, қозықұйрық үшін субстрат массасынан 20–25 % және аспа саңырауқұлағы үшін субстрат массасынан 25–35 % құрайды ;

- Субстратты қабаттық күйде қолдану арқылы, үй-жайдың көлемін барынша пайдалану;

- Өндірістік процестерді механизациялау мен жоғары дәрежеде автоматтандырылу;

- Зиянды организмдерден бос, көміртекті және де азотты қоректену көздері бойынша теңдестірілген физикалық–химиялық және микробиологиялық сипаттамалары берілген қоректік субстраттарды дайындаудың биотехнологиялық тәсілдері;

- Өсіру үй–жайларындағы микроклиматты макромицет дақылының жай–күйіне және оның даму фазасына сәйкес реттеудің дәлділігі.

Агромиценоздардың ерекшеліктеріне байланысты жеуге жарамды саңырауқұлақтардың дақылдары қоректік субстраттың құрамына және көкөніс өсімдіктерінің жиынтығымен салыстырғанда технологиялық және техникалық қамтамасыз ету мақсатында, принциптік тұрғыда өзгеше қажет деп есептелетін микроклимат жағдайларына талаптар қояды [3].

Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды ауқымды түрде өсіру жеке дербес өнімдерге тығыз байланысты. Олар үшін отырғызу материалын өндіру, саңырауқұлақтық субстраттарды өндіру, блоктарын дайындауды жатқызамыз. Осы өндірістердің негізінде физиология, биохимия, саңырауқұлақтардың генетикасы, микробиология саласы бойынша зерттеулер, сондай ақ өндірістік процестерді механизацияндыру мен автоматтандыру, жабдықтау жүйелеріндегі құрылымдарды реттеу және де практикалық микробиологиялық технологиялар жатады. Осылар арқылы жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсіру объектілерінің ерекшеліктерін және де көкөніс өсімдіктерінің принциптік ерекшеліктерін ескеру арқылы, жеуге жарайтын саңырауқұлақтарды өсіруді ауыл шаруашылығы өндірісінің дербес саласы ретінде бөлуге келеді [4].

Қазіргі саңырауқұлақ шаруашылығы жаңа биотехнологиялық тәсілдер негізінде дәстүрлі ауыл шаруашылығы мен микробиологиялық өндірістің ерекшеліктерін өз бойына сіңірген. Дамыған биотехнологиялық бағытта жаңа ғылыми ретінде – физиология, биохимия, генетика және де селекцияның зерттеулерін пайдаланатын микотехнологиялар бар.

Экономикалық және экологиялық күйзеліс пен азық – түлік проблемаларының өршуі жағдайында тамақ өнімдерінің [5] қажеттілігі мен қауіпсіздігі ерекше маңызды орынға ие. Адам үшін толыққанды тамақтану құрамы мен саны бойынша теңестірілген түрлі тағамды тұтынуды түсіндіреді және де адам ағзасы мен жас мөлшеріне, ерекше жағдайларына байланысты келеді. Жеуге жарамды саңырауқұлақтар майлардың, ақуыздардың, дәрумендер мен көмірсулардың қосымша көзі. Саңырауқұлақтарды адамның қоректенуі рационалына қосу, оны түрлі және үйлесімді байланыс береді. Ақуыздар өзге өсімдік түрімен салыстырлыған жағдайда, өндірістік өнеркәсіпте саңырауқұлақтардан асып түсе ала алмайды. Саңырауқұлақтар ақуыз қажеттілігін қамтамасыз етіп отыра алады (1–кесте).

Өндірістік өнеркәсіп ретінде жеуге жарамды саңырауқұлақтардың өнімділігі 1м<sup>2</sup> көлеміне 120–150 кг – ға жетеді, ал жылына 1га шаққанда 5–6,5 тоннаға жуық құрғақ ақуыз алынады.

Қалалы жерлердің маңындағы, теміржолдар мен автомобильдердің жолдары бойындағы өндірістік өнеркәсіптерде өсетін саңырауқұлақтар субстраттар мөлшерінен 3–7 есе асатын концентрация көлемінде ауыр металл

иондарын өздеріне жинайды [6]. ББЗ әсерінен жасушалық мембраналардың өткізгіштігінің жоғарылауы нәтижесінде ауыр металдардың концентрациясы едәуір артады және ШРК мөлшеріде артып кетеді.

1 Кесте – Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің саңырауқұлақтармен салыстырмалы өнімділігі

Өсіру объектісі	Жылдық өнімділік мөлшері, т/га		
	Шикі салмағы	Құрғақ салмағы	Ақуыз
Дәндер:			
- бидай	3,2	2,7	0,32
- жүгері	5,2	4,1	0,45
Бұршақ:			
- соя бұршағы	2,0	1,7	0,68
Өсірілген саңырауқұлақтар:			
- қозықұйрықтар	1200	120	6,2
- аспа саңырауқұлақтары	1500	150	4,8
Жабайы өскен саңырауқұлақтар	0,5	0,05	0,001

Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды пайдалану қауіпсіздігі олардың улы заттармен ластануымен болмауымен ғана емес, сонымен қатар тағамдық құндылығымен де анықталады. Ол саңырауқұлақтардың химиялық құрамына және де ағзамен қаншалықты оңай әсерлесуіне, қорытылуына және де сіңірілуіне байланысты.

Жеуге жарамды саңырауқұлақтардың тағамдық құндылығын бағалау барысында ақуыздар, майлар, көмірсулар, минералды заттар мен дәрумендер де және т.б. заттардың биологиялық белсенді қосылыстары ескеріледі.

Халықаралық жіктемеге сәйкес саңырауқұлақтар балапан еті, сиыр еті, шошқа еті мен соя бұршағынан кейін, ал көкөніс дақылдарының құнарлылығынан асып түсіп отыр. 28 шартты құрайтын құндылық индексінің есебі бойынша бесінші орынға ие. Жеуге жарамды саңырауқұлақтардың жемістік денелері ақуыздардың құнды көзі, себебі оны құрайтын жалпы массаның орташа есепте 20–30 % алып отыр [6].

Жеуге жарайтын саңырауқұлақтардың ең құнды түрлерінде 40–50 % - ға дейін ақуыздар бар, ал олар болса көкөніс өнімдердегі ақуызға ең бай деген бұршақ тұқымдастарынан асып отыр.

2–кестеде өзге де өнімдермен салыстырмалы түрдегі құндылығы көрсетілген. Ал 3–кестеде қоректік құндылығы бойынша жабайы мен арнайы өсірілген саңырауқұлақтардың өзара айырмашылығы белгіленген.

Саңырауқұлақ ақуыздарының құндылығы жоғары болғанымен де, аминқышқылдарының құрамы бойынша жануарлар ақуыздары секілді алмастырылмайтын аминқышқылдары бар. Тек өсімдік ақуыздары секілді құрамында күкірті бар аминқышқылдар бойынша жеткіліксіз келеді.

Саңырауқұлақ ақуыздарының қорытылуы орташа есеппен 60–70 % - ға дейін, өйткені жасушалық қабырғаларының құрамына кіретін хитиндік қосылыстардың болуына байланысты.

Жеуге жарайтын саңырауқұлақтардың құрамына құрғақ массадан 15 % - ға дейін көмірсулар, 10 % - ға дейін май қышқылдары мен майлар кіреді. Жеміс денелерінде күлдің құрғақ мөлшері 10 % - ға дейін жетеді. Минералды элементтерден ең көп мөлшерде калий және фосфор 25 % - ға дейін болады.

Саңырауқұлақтар дәрумендердің де жақсы көздері болып есептеледі. Саңырауқұлақта аскорбин қышқылы мен В тобының витаминдері болады. Одан өзге саңырауқұлақтар А, D, Е, РР дәрумендеріне де бай. Саңырауқұлақтарды жылумен өңдеу мен консервілеуде витаминдер жақсы сақталу қабілеттілігіне де ие.

Өнімнің салмағы бойынша саңырауқұлақтар 15 тен 27 ккал – ға дейін 100 гр – ға дейінгі энергетикалық құндылығы төмен өнімдер қатарына жатады. Сондықтан жеуге жарамды саңырауқұлақтарды тамақтану рационна қосу ағзаның энергетикалық толуына жол бермейді, керісінше оны теңестірілген күйге әкеледі. Саңырауқұлақтардың тағамдық құндылығы барлығына бірдей емес, жеміс денесінің түріне, жасына және де оның бөліктеріне де байланысты келеді. Жас жеміс денелерде ақуыз бен тағамдық құндылықтар көп кездеседі, қалпақшалары мен аяқтарына қарағанда. Одан өзге өсіру жағдайлары да тікелей әсер етеді.

Қозықұйрықтардың ең кең таралғаны жоғары азықтық құндылығы бар саңырауқұлақтарға жатады, себебі шикі протеиннің, минералды тұздар мен дәрумендердің жоғары дәрежеде болуымен байланысты, барлық алмастырылмайтын аминқышқылдары да бар. Қозықұйрықтың жеміс денелерінде аминқышқылдарының жалпы құрамы жеміс денелерінің құрғақ мөлшерінің 40 % - ға жуығын құрайды. Барлық аминқышқылдарының үштен бір бөлігі еркін, байланыссыз, ал қалған бөлігі ақуыз құрамына кіреді [7].

Қозықұйрықтар В тобының дәрумендеріне бай, мәселен : В1 – 0,1 мг %, В2 – 0,45 мг % және С дәрумені 7 мг %, ал жеміс денелері РР – 4,8 мг % - ды құрайды.

Өсірілген қозықұйрықтың жеміс денелерінің химиялық құрамы саңырауқұлақтың штамына, өнімдік жинау кезеңдеріне және де қоректік субстраттардың құндылықтарына байланысты келеді.

Кәдімгі аспа саңырауқұлағының штамына байланысты 11 – ден 21 % - ға дейін ақуыздар бар және көрсеткіші бойынша қозықұйрыққа жол береді. Ашық топырақта өсірілген аспа саңырауқұлағының сіңіру индексіне байланысты қияр мен ақ қауданды қырыққабатпен пара пар. Аспа саңырауқұлағында да қозықұйрықтай дәрумендер бар, тек жеміс денелерінде фосфордың мөлшері өзге өнімдерден, әсіресе балықтан жоғары болып есептеледі [8].

Азық түлік ретінде саңырауқұлақтар әмбебап болып келеді, оларды түрлі тағамдарды дайындау үшін де пайдаланып жатады. Оларды қуырылған, қайнатылған, бұқтырылған кез келген түрде қолдана береді. Одан өзге саңырауқұлақтар консервілеу өнеркәсібі үшін өте маңызды. Саңырауқұлақ



консервілерін дайындау үшін дайындау технологиялары мен рецептурасымен жүргізіледі.

2 Кесте – Жеуге жарамды саңырауқұлақтардың өзге өнімдермен салыстырмалы тағамдық құндылығы

Өнім түрі	Ақуыз г/100 г	Май г/100г	Көмірсулар г/100г		Минералды заттар, мг /100 г				Дәрумендер, мг/100 г				Энергетикалық құндылығы
			Моно, дисахарид	Полисахарид	Күл	И	К	Р	В1	В2	РР	С	
Қозы-құйрық	4,3	1,0	0,1		1000	6,0	530	115	0,1	0,45	4,8	7	27
Аспа саңырау-қ	2,1	1,2	0,6		1800	6,0	290	105	0,4	0,3	10,3	1	23
Қияр	0,8		2,8		450	8	141	42		0,04	0,2	10	22
Картоп	2,0	0,4	1,3		1100	28,0	568	58	0,1	0,07	0,74	20	80
Қырық-қабат	1,8	0,1	0,6	15	700	13,0	185	31		0,04	1	45	27
Сәбіз	1,3	0,1	7,0	0,1	1000	21,0	200	55		0,07	0,53	5	34
Қызанақ	1,1	0,2	3,5	0,2	700	40,0	290	26		0,04	2,4	25	23
Сиыр еті	18,6	16		0,3	900	115	227	200	0,1	0,2	0,44	0,7	135
Тауық жұмыртқа сы	12,7	11,5	0,7		1000	134	140	192		0,44			157
Теңіз алабұғасы	18,2	3,3			1400	160	300	220	0,2		0,03	0,7	220
Нан	4,7	1,0	1,0	42,7	1700	527	136	87		0,03	0,1		209
Май	0,5	82,5	0,8		200	7,0	15,0	19		0,1			748

Жеуге жарамды саңырауқұлақтар емдік–профилактикалық қасиеттері бар тағамдық қоспалар мен сусындар алу үшін, нан өнімдерінің сапасын арттыру, майонез, паштеттер мен пісірілген шұжықтарды өндіру үшін де пайдаланылады.

Әсіресе өсірілетін саңырауқұлақтар көктем мен қысқы маусымдарда жаңа піскен көкөніс өнімдерінің ассортиментін кеңейту мен халықтың сапалы азық-түлікке деген сұранысын қанағаттандыру үшін маңызды.

3 Кесте – Жабайы және арнайы өсірілген жеуге жарамды саңырауқұлақтардың тағамдық құндылықтары мг/100г құрғақ заттың

Саңырауқұлақ атауы	Су	Ақуыз	Майлар	Көмірсулар		Күл	К	Р	Дәрумендер				Өнімнің энергетикалық құндылығы мг/100г
				Моно/дисахаридтер	Талшық				В	В	РР	С	
Қозы-құйрық	91	4,3	1,0	0,1	0,9	1,0	0,53	0,12	0,1	0,4	4,8	7,0	27
Аспа саңырауқұлақ	90,5	2,1	1,2	0,6	0,8	1,8	0,29	0,11	0,2	0,3	10,3	1,0	21
Ақ саңырауқұлақ	89,4	3,7	1,7	М	2,3	0,9	0,47	0,09	0	0,3	5,0	30	23
Қозы-қарын	88	1,8	0,8	0,5	1,5	0,4	н.д	н.д	0	0,2	н.д	8	16
Терек-құлақ	91,1	3,3	0,5	1,2	2,5	0,8	0,44	0,17	0,07	0,2	6,3	6	23
Қайың саңырауқұлақ	91,6	2,3	0,9	1,4	2,1	0,7	0,46	0,15	0	0,2	7,0	6	20
Түлкішек	91	1,6	1,1	1,5	0,7	1,0	0,56	0,04	0	0,3	н.д	34	20
Майқұлақ	83,5	2,4	0,7	0,5	1,2	0,5	н.д	н.д	0	0,2	н.д	12	9
Түлкіжем	90	2,2	1,2	0,5	2,3	1,0	н.д	н.д	0,02	0,38	10,3	11	17
Арыш	88,9	1,9	0,8	0,5	2,2	0,7	0,31	0,04	0,07	0,2	-	6	17

## 1.2 Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды адам қажеттіліктерінде қолдану аясы

Жеуге жарамды саңырауқұлақтардың емдік қасиеттері адамдардың назарын өзіне аударуда. Базидиомициттерді емдік мақсаттарда пайдаланудың ең үлкен тәжірибесі екі мың жылдан астам уақыт бойы өсіріліп келе жатқан Оңүстік – Шығыс Азия елдерінде жинақталған және дәстүрлі түрде нәзік азық-түлік ретінде ғана емес, сондай ақ дәрілік зат ретінде де қарастырылады.

Соңғы жылдары көптеген елдерде жоғары базиальды саңырауқұлақтар емдік алдын алу мен кең спектрлі әсер ететін дәрілік заттарды : антибластикалық, антивирустық, антиаллергендік, сондай ақ инфекциялық қарсы ЖҚТБ жасау кезінде де пайдаланылатын биологиялық белсенді заттарды алу үшін құнды

шикізат ретінде саналады. Сонымен қатар қазіргі уақытта химиялық синтез көмегімен емес, табиғи көздерден алынған дәрілік препараттар, оның ішінде мицелия мен жеуге жарамды саңырауқұлақтардың жеміс денелері [9] кеңінен танымал.

Саңырауқұлақтардағы биологиялық белсенді қасиеттердің тасымалдаушылары құрамында азот бар гетерополисахаридтер, желілік немесе гликанда, және де саңырауқұлақтық гликопротеиндік кешендер және әртүрлі микроэлементтер болып табылады.

Қозықұйрықтардың бірегей емдік қасиеттері алмастырылмайтын аминқышқылдардың ерекше жиынтығымен байланысты, сондықтан бірқатар елдердің клиникалық тәжірибесінде қозықұйрықтар арнайы аминқышқыл диеталарына енгізілген. Жеміс денелерінде антибиотикалық заттардың болуы арқасында, қозықұйрықтар ішек ауруларының алдын алуға ықпал етеді, қышқылдық–сілтілік тепе–теңдікті және ағзаның су балансын реттейді. *Agaricus blazei* түрінің жеміс денелері мен қозықұйрық мицелиясынан вирусқа қарсы иммуностимулдеуші, ісікке қарсы және антиаллергендік қасиеттері бар, түрлі дәрілік препараттар ретінде қолдануға жарамды экстрактивті фракцияларға жіктелген.

Аспа саңырауқұлақтарының қасиеттері жасуша қабығының құрамына кіретін биополимерлердің жоғары адсорбциялық қабілетіне негізделген. Ағзадан улы заттарды, оның ішінде ауыр металдар мен радионуклидтерді шығару мүмкіндігін анықтайды. Онымен қатар аспа саңырауқұлақтың құрамында вирусқа қарсы және антибактериалды, иммуностимулдеуші әсері бар биологиялық белсенділі заттар бар. Аспа саңырауқұлағында қандағы холестерин деңгейін төмендету үшін, асқазан ішек жұмыстарына, көптеген аурулардың алдын алу үшін жақсы препарат болып саналады.

Медициналық тұрғыдан ең құнды табиғи препарат ол шиитаке есептеледі. Шиитаке құрамындағы экстракттер атеросклеротиялық сору мен артериялық қысымды төмендетуді қамтамасыз ете алады [10]. Басқа дәрілік саңырауқұлақтардан шиитаке ісікке және вирусқа қарсы белсенділігі жайлы жақсы зерттелген. Шиитаке жемісінен бөлінген полисахаридті лентинанның негізінде Жапон елінде обырға қарсы коммерциялық дәрілік препараттар әзірленген. Оның артықшылығы – адам ағзасына жағымсыз әсерлердің болмауы, тіпті ұзақ қолданыс барысында да.

Саңырауқұлақтарды диетотерапияларда да қолданып жатады, себебі дәрумендер мен басқа да биологиялық белсенді заттардың маңызды көзі болып табылатындылығынан. Саңырауқұлақтардың құрамында крахмал жоқ, сол себепті де артық салмақтан зардап шегіп жүрген жандарға ұсынылып жатады.

Жеуге жарамды өсіру арқылы алынған саңырауқұлақтар қан қысымын, қандағы холестерин мен қант мөлшерін реттейтін ағзаның иммундық жағдайын арттыратын дәрілік заттарды алу үшін де маңызды.

Тек медицинада ғана емес сондай ақ қалдықтарды тазарту мен қоршаған ортаны қорғауда да саңырауқұлақтардың қатысуы жүреді.

Биодеградация мен жыл сайын жаңартылып отыратын лигноцеллюлозды материалдарды барынша тиімді пайдалану үшін ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, экологтар мен биотехнологтардың назарын жиі аудартатын мәселе. Бұл материалдар ағаш, құс, өсімдік шаруашылығының, ағаш өңдеу, целлюлоза қағаздары, гидролиз өнеркәсібі мен консерві және де т.б. өндірістердің қалдықтары болып есептеледі. Кеңестік дәуірдің кезіндегі елдерде мұндай өндіріс қалдықтары құрғақ зат күйінде коп тоннажды болды, олардың кей бөлігін өртесе, енді бір бөлігі қоршаған ортаны ластаушы заттар ретінде қалды.

Ғылыми зерттеулердің дамуы нәтижесінде лигноцеллюлоза қалдықтарын физика – химиялық, механикалық және де микробиологиялық әдістермен өңдеу арқылы қайта жандандырып, тиімді технологиялық шешімдер пайда болды :

- газ тәрізді және сұйық отындар ;
- орғано–химиялық синтезге арналған материалдар ;
- құнды жемдік өнімдер
- өсімдік шаруашылығындағы компостар.

Осы салалардағы зерттеулердің бір бағыты күрделі ыдырайтын биополимерлерді гидролиздеуге қабілетті микроорганизмдер штамдарының скринингі болды. Мұндай микроорганизмдердің арасында әртүрлі таксономиялық топтардың өкілдері бар саңырауқұлақтар – микромицеттер, ашытқылар, актиномицеттер, бактериялар және де т.б.

Олардың арасында базилді саңырауқұлақтар ерекше орынға ие, олардың көптеген өкілдері гидролиттік және тотығу қалпына келтіру ферменттері кешенінің продуценттері болып есептеледі және де өсімдік материалының биодеградация кезінде жоғары белсенділікке де ие. Саңырауқұлақтардың кейбір түрлері шірік тудырып, целлюлоза бөлігі мен лигнинді бірдей жылдамдықпен ыдыратуға да қабілетті болады. Ондай саңырауқұлақ жеуге жарамда аспа саңырауқұлағы және де ағаш бұзғыш саңырауқұлақтар.

Гамбаров, Гиашвили зерттеулерінде *Coriolus*, *Ganoderma*, *Pleurotus* саңырауқұлақтарының мицелиалды дақылдары қатты фазада ферменттеу жағдайында жүзім шаруашылығының қалдықтарын белсенді түрде ыдырататындылығы анықталған. Алынған өнім органолептикалық қасиеттерге және жоғары жемдік құндылықтарға ие болды. Кәдімгі аспа саңырауқұлақты өсіру кезінде өсімдік қалдықтарының биоконсервациясы сабанның сіңірілуін 12 % - ға ұлғайтады, жүзім сығындыларындағы ақуыздың құрамын 18 % - ға дейін арттырады [11].

Сабанның қоректік құндылығын арттыру және оны күйіс қайыратын жануарларды азықтандыру кезінде пайдалану мақсатында *Pleurotus sajor caju* саңырауқұлағы мицелиалды дақылымен бидай сабанының өңдеу әдісі әзірленген.

Жеміс денелерін алу үшін саңырауқұлақтардың субстраттарын дайындауға лигноцеллюлоза материалдарының кең ауқымын пайдалану арқылы, шаруашылық қалдықтарды іске асыру және қоршаған ортына қорғау мәселелерін шешу мақсаттарының бірі ретінде қарастыруға болады.

Қазіргі уақытта саңырауқұлақ субстарттарын дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылады :

1. өсімдік шаруашылығының қалдықтары:
  - түрлі дәнді дақылдардың сабандары, әсіресе бидай, күріш, арпа;
  - жүгері собығының өзегі және жүгері сабағы;
  - қызылша бұтағы;
  - жоңышқа;
  - мақта сабағы;
  - зағыр алауы;
  - күнбағыс.
2. Мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының қалдығы:
  - жылқы көңі;
  - ірі қара мал көңі;
  - шошқа көңі;
  - бройлер саңғырығы.
3. Орман шаруашылығы мен орман өңдеу өнеркәсібінің қалдығы:
  - стандартталмаған ағаш үгінділері, қабығы мен бұтақтары;
  - целлюлоза мен қағаз өндірісінің пульпасы мен ағындары;
  - гидролиз өндірісінің қатты фазалы өнімдері;
4. Тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібінің шығыстары:
  - майлы дақылдарды қайта өңдеуің жанама өнімдері;
  - мақта және зығыр иіру өндірісінің қайталама материалдары;
  - меласса, жемдік қызылша;
  - картоп езіндісі, картопты бастапқы өңдеудің сұйық қалдықтары;
  - ет өңдеу өнеркәсібінің қалдықтары;
5. Қалалық шаруашылықтың тұрмыстық қалдықтары.

Негізгі өндірістегі саңырауқұлақ шаруашылығына арналған шикізаттарды жеткізушілер 4–кестеде көрсетілген.

Қатты фазалы ферменттеу әдістерімен шаруашылық қалдықтарын кәдеге жаратудан басқа, жоғарғы базидиомицеттер қағаз комбинанттарының, май, шарап, консерві, өндірістерінің сарқынды суларын тазарту мәселесін шешуде де өз қолданысын табуда.

Кәсіпорындарды экологиялық тазарту құрылыстарын салуға елеулі шығындар болғанымен де салыстырамалы түрде төмен құнына байланысты маңызды фактор болып отыр.

Галли зерттеулерінде зәйтүн майының өндіру жөнінде зауыттың сарқынды суларын негізгі мицелий аспа саңырауқұлағын өсіру арқылы тазарту мүмкіндігін көрсеткен болатын. Сарқынды сулардағы фенолдар аспа саңырауқұлағының мицелий заттарының алмасуына қосылып, саңырауқұлақ өсірудің 17–ші күнінде тазартылғаны белгілі болды.

Сондай ақ кәдімгі аспа саңырауқұлағы дақылы пульпаны қайта өңдеу және целлюлоза қағаз комбинанттарының ағынды суларын тазалау үшін де қолданылды. 30 күннің ішінде инкубацияның 73 % гидролиздік лигнин тозған және қатты қалдықтар мен сарқынды сулар болды.

#### 4 Кесте – Саңырауқұлақ шаруашылығына арналған шикізаттардың түрі

Өндіріс атауы	Шикізат түрі
1. Ауыл шаруашылығы - өсімдік шаруашылығы - құс шаруашылығы - жеміс шаруашылығы - жүзім шаруашылығы	Астық (қара бидай, тары, құмай), сабан Құс саңғырығы Бұтақ, жеміс дақылдарының кесінділері Жүзім сығындылары,
2. Орман шаруашылығы	Стандартталмаған ағаш, ағаш түбірлері, үгінділер, жапырақ қалдықтары
3. Ағаш өңдеу өнеркәсібі - шойын өндірісі - сіріңке фабрикасы - паркет өндірісі	Үгінділер, ағаш қалдықтары Сіріңке өндірісінің қалдықтары Жоңқалар, ағаш қалдықтары
4. Ет өңдеу өнеркәсібі	Жүн, тері, қыл қалдықтарының қоспасы
5. Құс өңдеу өнеркәсібі	Құс қауырсынынан жасалынған ұн
6. Тоқыма өнеркәсібі - мақта өңдеу фабрикалары - зығыр өңдеу фабрикалары	Өңделген мақта қалдықтары Зығыр алауы
7. Целлюлоза–қағаз комбинанттары - типография - картон фабрикалары	Қағаз кесінділері Картон қалдықтары мен қиқымдары
8. Гидролиз өндірісі	Өсімдік шикізаты гидролизінің қалдықтары, лигнин
9. Май және май өндірісі	Лузга тұқымы, зығыр, мақта тұқымының қалдықтары, соя бұршағының қабығының қалдықтары
10. Ұн тарту өндірісі	Астықты қайта өңдеу қалдықтары, кебек
11. Темекі фабрикалары	Темекі өндірісінің қалдықтары, сабақтары
12. Шай өндірісі	Шай өндірісінің қалдықтары, сабақтары
13. Сыра қайнату өндірісі	Сыра ұнтақтары, мия өскіндері
14. Кондитерлік өндірісі	Какао бұршақтардың, жержаңғақ қабығының, кунжуттың қалдықтары

Аспа саңырауқұлағы мицелийі қағаз бен маталарды ағартқыштардың , сондай-ақ хлорлы органикалық пестицидтер мен токсиндердің ыдырауы кезінде, пайда болатын полихлорланған диоксиндер мен бифенилдердің, бензопирендердің құрамына кіретін, құрымында хлор бар органикалық қосылыстардың кең спектрін қуатты бұзушы ретінде қарастырылады. Сондықтан да аспа саңырауқұлағы мицелийі топырақ пен сарқынды суларды детокциялау үшін кең ауқымды, болашағы бар бағыты.

Қалдықсыз технологиялар бойынша жеуге жарамды саңырауқұлақтарды өсіру қалдықтарды биоконсервілеу процесінде аралық кезең ретінде

қарастырылады, өндірістік цикл мен жемістерді жинау аяқталғаннан кейін пайдаланылған субстраттарды әрі қарай минералдандырылған, ақуыздарға бай тыңайтқыштар ретінде пайдаланылады.

Өңделген субстраттарды пайдалану үшін зерттеу аймағы ретінде мал шаруашылығы мен құс шаруашылығында жемшөптік кеңейту, топырақтарға органикалық тыңайтқыш есебінде дайындау жүргізіледі.

Соңғы жылдардағы зерттеулер нәтижесінде өсірілген аспа саңырауқұлақтары есебінен жемдік заттардың құндылығы жоғары болған [12].

